

## **Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жинағы**

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 ж. 9 желтоқсандағы 43/173 Қарарымен бекітілді

### **Қағидалар жинағының қолданылу аясы**

Осы Қағидалар қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау мақсатында қолданылады.

### **Терминдердің пайдаланылуы**

Қағидалар жинағының мақсаттары үшін:

a) «тұтқындау» сөзі қандай да бір құқық бұзушылықты жасауда күдікті деп табылу себебі бойынша немесе қандай да бір органның шешімі бойынша белгілі бір тұлғаны тұтқындау мағынасын білдіреді;

b) «ұсталған адам» сөзі құқық бұзушылықты жасағаны үшін айыпталмаған бас бостандығынан айырылған кез-келген тұлға мағынасын білдіреді;

c) «қамауға алынған адам» сөзі қандай да бір құқық бұзушылықты жасағаны үшін айыпталу нәтижесінде жеке басының бостандығынан айырылған кез-келген тұлға мағынасын білдіреді;

d) «ұстау» сөзі анықтамасы жоғарыда берілгендей ұсталған адамның ұстау жағдайы деген мағынаны білдіреді;

e) «қамауға алу» сөзі анықтамасы жоғарыда берілгендей қамалған адамның қамаудағы жағдайы мағынасын білдіреді;

f) «соттық немесе өзге орган» сөздері мәртебесі мен орны біліктіліктің, әділдіктің және тәуелсіздіктің ең жоғары деңгейдегі берік кепілдіктерін заңға сәйкес қамтамасыз ететін соттық немесе өзге орган мағынасын білдіреді;

### **1 Қағида**

Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғалар адамгершілікті қарым-қатынас пен адамзат болмысына тән абыройдың құрметтелуіне құқылы.

### **2 Қағида**

Тұтқындау, ұстау немесе қамау қатаң түрде заң ережелеріне сәйкес құзыретті лауазымды тұлғалармен және де осы мақсатта заңмен өкілеттік берілген тұлғалармен жүзеге асырылатын іс-шара болып табылады.

### **3 Қағида**

Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалар мүдделеріне сәйкес белгілі бір мемлекетте қолданыстағы немесе бекітілген қандай да бір адам құқықтарының шектелуіне немесе кемсітілуіне сол құқықтар қағидалар жинағында барынша аз көлемде мойындалған немесе мойындалмаған деген ұстаным негізінде құқықтарға, ковенцияларға немесе дәстүрлерге сәйкес жол берілмейді.

### **4 Қағида**

Қандай да бір түрде ұстау немесе қамауға алу және де адам құқықтарын қозғайтын барлық шаралар ұсталған немесе қамаудағы тұлғаларға қатысты қолданылады және де қаулы арқылы күшіне енгізіліп жүзеге асырылуы тиіс немесе соттық не басқа органның тиімді бақылауына алынуы тиіс.

### **5. Қағида**

1. Осы қағидалар ешқандай да нәсіл, тері түсі, жынысы, тілі, діні немесе наным, саяси не басқа да көзқарастары, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік жаратылысы, мүліктік, сословиелік немесе өзге де жағдайы бойынша ажыратылмай кез-келген берілген мемлекет территориясында барлық адамдарға қатысты қолданылады.

2. Заңдар аясында қолданылатын және арнайы әйелдердің, оның ішінде жүкті әйелдер, емізетін әйелдер, сонымен қатар балалардың, жасөсірімдердің, қарт атамдардың, науқас немесе мүгедек адамдардың құқықтары мен ерекше мәртебесін қорғау үшін арналған шаралар дискриминациялық деп қарастырылмайды. Мұндай шаралардың қолданылауы және қажеттілігі туралы мәселені әрқашан да соттық немесе басқа орган қарастыруы қажет.

### **6 Қағида**

Бірде бір ұсталған немесе қамауға алынған тұлға азаптауларға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе абыройын төмендететін қарым-қатынас немесе жазалар түрлеріне ұшырамауы тиіс\*.

Ешқандай да жағдайлар азаптауларды немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе абыройын төмендететін қарым-қатынас немесе жазалар түрлерін ақтай алмайды

-----

\* «Қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе абыройын төмендететін қарым-қатынас пен жазалар түрлері» термині физикалық немесе психологиялық сипаттағы, оның ішінде тұтқындалған тұлғаны ұстау немесе қамалған тұлға оның көру, есту, кеңістікті немесе уақытты ориентация секілді табиғи сезімдерінің бірін уақытша немесе тұрақты түрде айыратын жағдайларда ұсталуы секілді асыра пайдаланушылыққа қарсы барынша берік қорғанысты мүмкіндігінше қамтамасыздандыратындай етіп түсіндірілуі қажет.

## **7 Қағида**

1. Мемлекеттер заңнамалық тәртіпте осы Қағидаларда берілген құқықтар мен міндеттерге қарама-қайшы келетін кез-келген іс-әрекеттерге тыйым салуы тиіс және мұндай іс-әрекеттерге санкциялар салынып, шағымдар бойынша әділ тергеу жүргізілуі қажет.

2. Осы Қағидалар жинағының ережелерінің бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп санауға негізі бар лауазымды тұлғалар бұл туралы жоғары тұрған билікке, қажет болған жағдайда бақылау немесе түзету шараларын қолдану құзыреттіліктері артылған басқа да билік өкілдеріне немесе органдарға хабарлауы қажет.

3. Осы Қағидалар жинағының ережелерінің бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп санауға негізі бар басқа да кез-келген тұлғалар бұл туралы соған қатысы бар лауазымды тұлғалардың жоғары тұрған инстанциясына, сондай-ақ бақылау немесе түзету шараларын қолдану құзыреттіліктері артылған басқа да билік өкілдеріне немесе органдарға хабарлауға құқылы.

## **8 Қағида**

Ұсталған тұлғаларға қатысты сотталмаған тұлғалар мәртебесіне сәйкес келетін режим қолданылады. Осыған орай, олар қажет болған жағдайда әрқашан да қамаудағы тұлғалардан бөлек орналастырылады.

## **9 Қағида**

Тұлғаны тұтқындау, ұстау, қамау әрекеттерін жүргізетін немесе істің тергелуін жүргізетін билік өкілдері оларға заң бойынша берілетін құзыреттіліктерді ғана орындайды және де аталмыш құзыреттіліктерді орындау жұмысына заңда қарастырылған тәртіп бойынша соттық немесе өзге органда шағымдалуы мүмкін.

## **10 Қағида**

Әрбір тұтқындалған адамға тұтқындау барысында оның тұтқындалу себебі және де кешіктірмей кез-келген оған тағылған айып хабарланады.

## 11 Қағида

1. Тұлға сот немесе өзге де органның шұғыл түрде оны тыңдауының тиімді мүмкіндігі берілместен қамауда ұсталуына болмайды. Ұсталған тұлға өзін өзі қорғау мақсатында өзінің атынан сөйлеуге немесе заңмен қарастырылғандай қорғаушының көмегін пайдалануға құқылы.

2. Қамауға алынған адамға немесе бар болған жағдайда оның қорғаушысына кешіктірмей қамауға алу туралы, сондай-ақ қамауға алу себептері туралы кез-келген шығарылған қаулы туралы толық ақпарат жеткізіледі.

3. Соттық немесе өзге орган қажет болған жағдайда қамау уақытын созу туралы негізді қарастыру үшін құзыреттілігі болуы тиіс.

## 12 Қағида

1. Тиісті түрде хаттамаға енгізіледі:

a) тұтқындау себептері;

b) белгілі бір тұлғаны тұтқындау уақыты мен оны ұстау жеріне дейін шығарып салынған уақыты, сонымен қатар бірінші рет соттық немесе өзге органның алдына барған уақыты;

c) құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғаларының аты-жөні;

d) Ұстау орны туралы нақты мәліметтер.

2. Мұндай хаттамалар тұтқындалған тұлғаға немесе бар болған жағдайда оның қорғаушысына заңмен белгіленген нысанда ұсынылады.

## 13 Қағида

Кез-келген тұлғаға тұтқындау сәтінде және ұстау немесе қамау басында немесе содан кейін көп ұзамай тұтқындауға, ұстауға немесе қамауға жауапты орган сәйкесінше тұлғаның құқықтары және де сол құқықтарды қалай жүзеге асыратыны туралы хабарлайды және түсіндіреді.

## 14 Қағида

Тұтқындауға және ұстауға немесе қамауға жауапты билік өкілдерінің қолданатын тілінде тұтқындалған, ұсталған немесе қамалған тұлға сөйлей алмаса немесе оны жақсы түсінбесе, ол 10, 11 (2 тармақ), 12 (1 тармақ) және 13 қағидаларында көрсетілген

ақпаратты өзі түсінетін тілде алуға және де қажет болған жағдайда тұтқындалғаннан соң шұғыл түрде заңды соттың істі қарауына байланысты аудармашы көмегін алуға құқылы.

## 15 Қағида

16 қағиданың 4 тармағында және 18 қағиданың 3 тармағында берілген ерекшеліктерге қарамастан ұсталған немесе қамаудағы тұлғаға сыртқы әлеммен, атап айтқанда, оның отбасымен немесе қорғаушысымен бірнеше күннен аспайтын уақыт аралығында байланысуға тыйым салынуы мүмкін.

## 16 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаны тұтқындаған соң және қамауда немесе ұстап отырған жерінен екінші жерге ауыстырғаннан соң көп ұзамай отбасы мүшелеріне немесе қалауы бойынша басқа да тиісті тұлғаларға оның тұтқындалуы, ұсталуы немесе қамалуы турлаы немесе оның ауыстырылуы және де ауыстырылған жері туралы хабарлау өтінішімен құзыретті органға жүгінуге құқылы.

2. Егер де ұсталған немесе қамаудағы тұлға шет ел азаматы болса, онда оған шұғыл түрде тиісті құралдардың көмегімен консулдықпен немесе азаматы болып табылатын немесе халықаралық құқықа сәйкес басқа да түрде осындай хабарламаны алуға құқылы мемлекеттің дипломатиялық өкілдігімен, немесе егер де ол тұлға босқын болған жағдайда немесе қандай да бір басқа түрде үкіметаралық ұйымның қорғанысында болса, онда құзыретті халықаралық ұйымның өкілімен байланысу құқығы туралы х а б а р л а н у ы т и і с .

3. Егер де ұсталған немесе қамаудағы тұлға кәмелетке толмаған болса немесе өз құқықтарын білуге қабілеті болмаса, онда аталған құзыретті орган өз бастамасы бойынша осы қағидада белгіленген хабарламаға қатысты шараны өз жауапкершілігіне алады. Ата-анаға немесе қамқоршыларға хабарлау ерекше назар аударылуы тиіс.

4. Осы қағидада айтылған кез-келген хабарлама шұғыл түрде құзыретті органмен жіберілуі немесе шешілуі тиіс. Алайды, құзыретті орган егер де тергеудің ерекше жағдайлары талап еткен жағдайда хабарлама жіберуді орынды уақыт мерзіміне созуы мүмкін.

## 17 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға қорғаушы тарапынан заңдық көмек алуға құқылы. Оған тұтқындалған соң құзыретті орган көп ұзамай өз құқығы туралы хабарлап, осы құқықты жүзеге асыру үшін қажетті мүмкіндіктер беріледі.

2. Егер де тұтқындалған тұлға өз қалауы бойынша қорғаушысы болмаған жағдайда,

әділ сот мүдделерінің талабы бойынша аталмыш тұлға егер де жеткілікті қаржылық құралдары болмаса, онда соттық немесе өзге де орган тағайындаған қорғаушының қызметтерін ақысын өтеусіз пайдалануға құқылы.

## 18 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға қорғаушымен байланысуға және одан кеңес алуға құқылы.

2. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға өз қорғаушысымен сұхбаттасып, кеңес алуға қажетті уақыт пен жағдайлармен қамтамсыздандырылуы тиіс.

3. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның қорғаушысының оған келуіне, одан кеңес алуына және де онымен байланысуға деген құқығы кешіктірілмей және де цензурасыз және толықтай құпиялылық шарттарында заңмен анықталатын немесе заңға сәйкес орнатылған ережелермен анықталатын ерекше жағдайларды есепке алмағанда соттық немесе өзге органның пікірі бойынша қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау үшін қажет болған жағдайда уақытша күшін жоюы немесе шектелуі мүмкін.

4. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның қорғаушысымен кездесуі құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғасына оларды көре алатындай, бірақ естуге мүмкіндік бермейтіндей жағдайлары қамтамсыздандырылған жерлерде жүргізіледі.

5. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның өз қорғаушысымен байланысы егер де ол байланыс орын алатын немесе дайындалып жатқан қылмысқа қатысы болмаған жағдайда айыпталушыға немесе қамаудағы тұлғаға қарсы куәгерлік айғақ ретінде пайдаланылуына болмайды.

## 19 Қағида

Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаға атап айтқанда отбасы мүшелерінің келуіне, олармен хат алмасуға, сондай-ақ заңда белгіленген және де заңға сәйкес орнатылған ережелерде берілген шектеулер мен шарттарға сәйкес сыртқы әлеммен байланысуға тиісті мүмкіндік беріледі.

## 20 Қағида

Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның өтініші бойынша мүмкін болған жағдайда қамау немесе ұстау орны тұлғаның әдеттегі тұратын жерінен алшақ орналасқан ұстау немесе қамау орнында ұсталады.

## 21 Қағида

1. Мойындауға мәжбүрлеу мақсатымен, өзін өзі әшкерелеу немесе кез-келген басқа тұлғаға қарсы мәліметтер беруге мәжбүрлеу мақсатымен ұсталған немесе қамаудағы

тұлғаның жағдайын асыра пайдалануға тиым салынады.

2. Алайда бірде бір тұтқындалған адам тергеу барысында зорлық-зомбылыққа ұшырамауы тиіс, қоқан-лоқы көрсетілмеуі тиіс немесе тергеудің шешім шығару немесе айыптауларға көну қабілетін бұзатын тергеу әдістеріне ұшырамауы тиіс.

## **22 Қағида**

Бірде бір ұсталған немесе қамаудағы тұлға өз келісімімен болса да оның денсаулығына залал келтіруі мүмкін медициналық немесе ғылыми тәжірибелерге ұшырамауы тиіс.

## **23 Қағида**

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаны кез-келген тергеу ұзақтығы мен олардың арасындағы ұзақтығы, сонымен қатар тергеу жүргізетін және тағы басқа да қатысатын тұлғалардың аты-жөні заңмен қарастырылған нұсқада жазылып, куәландырылады.

2. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға немесе оның қорғаушысы, заңмен қарастырылған жағдайларда осы қағиданың 1 тармағында айтылған ақпаратқа қол жетімділікпен қамтамасыздандырылады.

## **24 Қағида**

Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаға мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде оның тұтқында ұсталатын немесе қамауда болатын жеріне келген соң тиісті медициналық сараптамадан өту мүмкіндігімен қамтамасыздандырылады; содан соң оған қажеттілік туған сайын медициналық қызмет көрсетіліп, емделу мүмкіндігі беріледі. Қызмет көрсетілу мен емделу тегін қамтамасыздандырылады.

## **25 Қағида**

Ұсталған немесе қамаудағы тұлға немесе оның қорғаушысы тұтқында ұсталатын немесе қамауда болатын жерде қауіпсіздік пен тәртіп сақтау үшін қажетті ережелерді сақтаған жағдайда соттық немесе өзге органға қайталама медициналық тексеруден немесе сараптама қорытындысын алуға өтініш немесе сұраныс білдіруге құқылы.

## **26 Қағида**

Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның медициналық тексеруден өтуі туралы дерек, дәрігердің аты-жөні және мұндай тексерудің нәтижелері тиісті түрде хаттамада жазылып, бекітіледі. Осы хаттамаға қол жетімділік қамтамасыздандырылады. Мұндай қол жетімділіктің әдістері ұлттық заңнаманың тиісті нормаларымен анықталады.

## 27 Қағида

Осы қағидаларды орындамау дәлелдерді қолға түсірген жағдайда осындай дәлелдердің ұсталған немесе қамаудағы тұлғаға қарсы қолдану дұрыстылығы анықталғаннан соң назарға алынады.

## 28 Қағида

Ұсталған немесе қамаудағы тұлға егер де мемлекеттік қаражат көздерінен болса, онда қолда бар құралдардың аясында, орынды көлемде және де ұсталатын немесе қамауда болатын жердегі қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыздандыра алатын күнделікті жағдайларды сақтай отырып оқулықтарды, әдеби және ақпараттық материалдарды алуға құқылы.

## 29 Қағида

1. Қамау орнына қатысты ережелер мен тиісті заңдарды қатаң ұстануын қадағалау мақсатында бұл орындарды тұрақты түрде білікті және жеткілікті тәжірибесі бар ұсталатын немесе қамау орындарында басшылық қызметті атқармайтын құзыретті билік органдарымен тағайындалатын және солардың алдында жауапты тұлғалар келіп т ұ р а д ы .

2. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға өз еркімен және де толық құпиялылық шарттарында ұсталатын немесе қамауда болатын жердегі қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыздандыру үшін қажетті қарапайым шарттарды 1 тармаққа сәйкес көруге келетін тұлғалармен қарым-қатынас орнатуға құқылы.

## 30 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның ұсталу немесе қамалу уақытындағы жасаған тәртіптік құқық бұзушылық болып табылатын тәртібінің сипаты, тәртіптік жазаның түрі мен ұзақтығы, сонымен қатар осындай жазаны тағайындауға құзыретті билік өкілдері тиісті түрде жарияланған заңдарда немесе заңға сәйкес орнатылған ережелерде нақты анықталуы тиіс.

2. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға тәртіптік жазаға ұшырамас бұрын өз ойын айтып ақталуға құқылы. Сонымен қатар, ол мұндай шараларға жоғары тұрған билік алдында шағымдануға құқылы.

## 31 Қағида

Тиісті билік өкілдері ұлттық заңнамаға сәйкес қажет болған жағдайда ұсталған немесе қамаудағы тұлғалардың отбасы мүшелеріне, қамқорлығындағы адамдарға,



әсіресе кәмелетке толмаған тұлғаларға көмек көрсетілуін қамтамасыздандыру үшін тиісті шаралар қолданып, қараусыз қалған балалар қамқорлығына ерекше назар аударуы тиіс.

## 32 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға немесе оның қорғаушысы кез-келген уақытта ішкі заңнамаға сәйкес соттық немесе өзге орган алдында шұғыл түрде босатылуына қол жеткізу мақсатында сол тұлғаның ұсталу немесе қамалауының заңдылығына егер де ондай ұсталу немесе қамалу заңсыз болған жағдайда оған қарсылығын білдіру үшін іс қ о з ғ а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. тармақта айтылған істің ақ-қарасын анықтау қарапайым іс-шаралар арқылы жүзеге асырылып, жылдам және тиісті қаражаты жоқ тұлғалар үшін тегін болуы қажет. Ұстау немесе қамау іс-шараларын жүзеге асыратын билік өкілдері ақталмайтын кідірістерсіз аталмыш тұлғаның ісін қарайтын органға ұсталған тұлғаны табыстау қажет.

## 33 Қағида

1. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға немесе оның қорғаушысы ұстау немесе қамау орындарын басқару үшін жауапты органдарға немесе одан да жоғары тұрған инстанцияларға, қажет болған жағдайда шағымдарды қарауға немесе қорғау құралдарымен қамтамасыздандыруға құзыреттілігі бар тиісті органдарға аталмыш тұлғамен қарым-қатынасқа қатысты, атап айтқанда азаптаулар немесе басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе адамзатқа тән абыройын төмендетін қарым-қатынас түрлерінің орын алуына байланысты өтініштер немесе шағымдар б е р у ғ е қ ұ қ ы л ы .

2. Егер де не ұсталған немесе қамаудағы тұлғалар, не олардың қорғаушылары оның 1 тармаққа сәйкес құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайларда, мұндай іс-шараларға қажетті құқықты ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның отбасы мүшелері немесе бұл іс туралы хабардар қандай да бір өзге тұлға жүзеге асыра алады.

3. Егер де шағымданушы немесе өтініш беруші сұраған жағдайда, өтініштің немесе шағымның құпиялылық сипаты қамтамасыздандырылады.

4. Әрбір өтініш немесе шағым кешіктірусіз қарастырылады, және де оған ақталмайтын кідірістерсіз жауап беріледі. Егер де өтінішті немесе шағымды кері қайтарған жағдайда немесе ақталмайтын кідірістер болған жағдайда өтінішті беретін тұлға немесе шағымданушы оны соттық немесе өзге де органға жіберуге құқылы. Ұсталған немесе қамаудағы тұлға немесе сол сияқты өзге де шағымданушы немесе өтініш беруші 1 тармаққа сәйкес өтініш беру немесе шағымдану үшін қудалануға ұшырауына жол берілмейді.

### 34 Қағида

Егер де ұсталған немесе қамаудағы тұлғаның жоғалуы немесе өлімі оның қамауда болу немесе ұсталу уақытында орын алған болса, онда соттық немесе өзге орган не өз бастамасымен, не осындай тұлғаның отбасы мүшелерінің өтініші бойынша немесе осы іс бойынша хабардар кез-келген тұлғаның өтініші бойынша тергеу жүргізеді. Егер де бұл белгілі бір жағдайлармен анықталған болса, онда мұндай тергеу ұстау немесе қамау мерзімі өтіп кеткеннен соң тұлғаның жоғалуы немесе өлімі орын алған кезде осындай іс-шаралар өткізу негізінде жүргізіледі. Мұндай тергеу нәтижелері немесе ол туралы баяндама қылмыстық тергеу жүргізіп жатқан тұлғаға немесе органға зияны келмесе өтініш бойынша беріледі.

### 35 Қағида

1. Осы қағидаларда берілген құқықтардың бұзылуына жол берген мемлекеттік лауазымды тұлғаның іс-әрекеттері немесе қателіктерінің нәтижесінде келтірілген залал ішкі заңнамамен қарастырылған жауапкершілік туралы қолданыстағы нормаларға сәйкес өтелуі тиіс.

2. Осы қағидаларға сәйкес бекітілуді қажет ететін ақпарат ұлттық заңнамада қарастырылатын іс-шараларға сәйкес осы қағидаларға сәйкес залалды өтеу туралы шағымды беру барысында қолданылу үшін беріледі.

### 36 Қағида

1. Қылмыс жасады деп күдікті тағылып немесе айыпталып қамауға алынған тұлға кінәсіз деп танылады, және де оның кінәсі өзін қорғау үшін қажетті барлық кепілдіктерге ие болған ашық сот отырысында заңға сәйкес дәлелденгенге дейін ол тұлғамен тиісінше қарым-қатынас жасау қажет.

2. Мұндай тұлғаның тергеу жүргізу уақытында немесе соттық іс қарау өту уақытында тұтқындалуы немесе ұсталуы заңмен белгіленген іс-шараларға сәйкес және де заңмен орнатылған шарттар негізінде және шарттарға сәйкес тек қана әділ сот төрелігінің жүзеге асыру мақсатында орын алады. Тергеу жүргізу үшін немесе әділ сот төрелігі үшін немесе ұстау немесе қамау орындарындағы қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау мақсатында кедергілерді жою немесе ұстау мақсаты секілді мақсаттарды көздеу жағынан қарастырғанда мұндай тұлғаға қатысты тікелей қажеттілік болмаса, шектеулер қоюға тыйым салынады.

### 37 Қағида

Қылмыстық айып тағылып, қамауға алынған тұлға тұтқындалғаннан соң көп ұзамай заңмен анықталған соттық немесе өзге органға табысталады. Мұндай орган қамалу қажеттілігі мен заңдылығына қатысты шешімді шұғыл түрде қабылдауы тиіс. Ешкім де тергеу жүргізу немесе соттық істі қарау барысында осындай органның жазбаша қаулысы болмаса қамауда ұсталуына болмайды. Тұтқындалған тұлға осындай органға берілген соң, тұтқында болуы уақытында онымен қарым-қатынас жасау мәселесі бойынша өтінішатуға құқылы.

### **38 Қағида**

Қылмыстық айып тағылып, қамауға алынған тұлға қажетті уақыт мерзімі аралығында соттық іс қарауға немесе сотқа дейін босатылуға құқылы.

### **39 Қағида**

Заңда қарастырылған ерекше жағдайларды қоспағанда, және егер де соттық немесе орган әділ сот төрелігі мүдделеріне сай өзге де шешім қабылдаған жағдайда, қылмыстық айып бойынша тұтқындалған тұлғаға заңға сәйкес шарттарға сәйкес белгіленетін шарттар негізінде сот өткізлетін уақыт аралығында бостандық алу мүмкіндігі беріледі. Мұндай орган көзбен көрінетін аймақтағы қамау қажеттілігі туралы

### **Жалпы ереже**

Осы Қағидалар жинағында ештеңе де азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде анықталған адамның кез-келген құқықтарының шектелуі немесе одан ауытқуы мағынасында түсіндірілмеуі тиіс.